

2005 жылдың 24 наурызындағы № 75 «Тұрмысы төмен азаматтарға үйді ұстауға және үй-коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру Ережелерін бекіту туралы» шешімге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы»

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2009 жылғы 13 ақпандағы N 101 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 12 наурызда N 5-17-98 тіркелді. Күші жойылды - Ұлан аудандық мәслихатының 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 181 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлан аудандық мәслихатының 2010.04.15 N 181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабына сәйкес Ұлан аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. 2005 жылдың 24 наурызындағы № 75 «Тұрмысы төмен азаматтарға үйді ұстауға және үй-коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру Ережелерін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2276 болып 2005 жылдың 14 сәуірде тіркелген, «Ұлан таны» аудандық газетінің 2005 жылғы 21 мамырдағы № 31 санында жарияланған) шешімге келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

Тұрғын үй жәрдемақыларын беру туралы Ережесіне:

3 тармақтағы «ұсынылған» сөзінен кейін «халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын топтарына жататын азаматтар» сөзбен толықтырылсын;

5 тармақтағы «7 пайыз» сөзі «10 пайыз» сөзімен өзгертілсін;

8 тармақтағы «1-ші, 2-ші топтағы мүгедектерді күтетіндер» сөзінен кейін «күткені туралы анықтама ұсынғанда» сөзімен толықтырылсын;

1 8 т а р м а ғ ы :

«жалдау (жалға беру) келісім-шарты» сөзінен кейін «нотариалдық расталған» с ө з і м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

«жеке қосалқы шаруашылық бар болу туралы берілген мәліметтер» сөзі «жеке қосалқы шаруашылық бар болу туралы мәлімет құжаттармен расталған» с ө з і н е ө з г е р т і л с і н ;

«Әділет басқармасынан жылжымайтын мүлік туралы анықтама, жеке

кәсіпкерлерге (салық комитетінен кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістер туралы анықтама) азат жолмен толықтырылсын;

2 9 т а р м а ғ ы :

«тоқсанда үш есептік көрсеткіш мөлшерінде есепке алынады, үлкен мал басынан екі және одан көп бас болғанда бес есептік көрсеткіш мөлшерінде есепке алынады» сөздері «тоқсанда бес есептік көрсеткіш мөлшерінде есепке алынады, үлкен мал басынан екі және одан көп бас болғанда он есептік көрсеткіш мөлшерінде есепке алынады» сөздермен өзгертілсін.

3 7 т а р м а ғ ы :

«тұрғын үйді жалдау келісім-шартының болуы» сөзінен кейін «нотариалдық расталған» сөзімен толықтырылсын;

3 9 т а р м а ғ ы :

«сатып алынған көмірдің құны» сөзінен кейін «бірақ ШҚО статистика басқармасымен белгіленген мөлшерінен аспауы қажет» сөзімен толықтырылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

С. Бельчурский

Д. Тұрсынбаев